

**Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы
Директоратының 1999 жылғы 24 маусымдағы N 352 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 30 маусым N 633. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 29 шілде N 1206 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

"Кері репо" мәмілелерін жасаудың (қандай да болмасын мүлікті оны кейіннен кері сату міндеттемелерінің шарттарында сатып алу) ерекшеліктерін есеп алу және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның инвестициялық қызметіне бақылау жасауды күшейту мақсатында, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 32-бабы 2-тармағының және 55-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Д и р е к т о р а т ы қа у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 шілдеде 853 нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарында зейнетақы активтерінің қатысуымен сатып алу-сату мәмілелерін жүргізу туралы" Ұлттық комиссияның 1999 жылғы 24 маусымдағы N 352 қаулысына ("Рынок және құқық". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 7(8), 14-бет) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) к і р і с п е д е :

"орындау мақсатында" деген сөздер "және 32-бабының 2-тармақшасының негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салымшыларының (алушыларының)" деген сөздердің алдында "зейнетақы төлемдерін" деген сөздермен толықтырылсын;

"мемлекеттік емес" деген сөз алып тасталсын;

"компаниялар" деген сөзден кейін "және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1 - т а р м а қ т а :

"зейнетақы активтерінің" деген сөздерден кейін ("кері репо" мәмілелерін - бағалы қағазды оны кейіннен кері сату міндеттемелерінің шарттарында сатып алуды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2 тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Зейнетақы активтерінің қатысуымен жасалған "кері репо" мәмілелерінің 30 күннен аспайтын мерзімге жасалатындығы белгіленсін.

1-2. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-на олардың аффилиирленген тұлғаларымен зейнетақы активтерінің қатысуымен "кері репо" мәмілелерін жасауға тыйым салынсын."

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөліміне:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы